

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150
жы
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ТУРЕБАЕВА, А.О.
СОВРЕМЕННЫЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ**

В статье дан сравнительный анализ современных казахских пословиц и поговорок. Данная статья посвящена изучению современного варианта казахских пословиц и поговорок.

Ключевые слова: пословицы, современные пословицы.

**BEKBOSSYNNOVA, A.H., TUREBAEVA, A.O.
MODERN PROVERBS AND SAYINGS OF MODERN TIMES**

The article provides a comparative analysis of ancient Kazakh proverbs and sayings with modern ones. This article is devoted to the study of the modern version of Kazakh proverbs and sayings.

Key words: proverbs and sayings, modern proverbs and sayings.

ӘОЖ 8.81

Ысқақова, Ш.Қ.

*Тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

ГОВОРЛАРДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ЖАСАЛУ ҮЛГІЛЕРІ

Түйін

Мақалада говорлардағы тұрақты түрде қалыптасқан, жасалуында, мағынасында, қолданылуында ерекшелігі бар күрделі етістік тұлғалар, олардың жасалу үлгілері қарастырылған.

Кілт сөздер: *говор, күрделі сөздер, атрибутивті байланыс, компле- тивті байланыс, күрделі етістік, лексема, аналитикалық тұлға.*

1 Кіріспе

Түркітануда күрделі сөздер сыңарларының өзара қатынасы қалай болса солай емес, сыңарларының грамматикалық белгілері мен лексикалық құрамының мазмұнына сай талғам-дық қағидатқа, үйлесімділікке негізделген. Осыған байланысты күрделі сөз сыңарларының салаластық және сабақтастық қатынастары туралы ұғым қалыптасқан. Салаластық қатынасқа сыңарлары тең дәрежеде байланысатын қос сөздер жатады. Сабақтастық қатынасқа сыңарлары бір-біріне бағынышты біріккен сөздер, тіркесті күрделі сөздер жатқызылып жүр [1, 20-21].

Қазақ говорларында сыңарлары бір-біріне бағынышты сабақтас қатынастағы күрделі сөздер кең тараған. Мұндай қатынастағы күрделі сөздердің сыңарлары бірыңғай сипатта емес. Мәселен, күрделі жыланбас (Түрікм.) «басы жыланның басына ұқсас кесіртке», ешкіқұйрық (Ау., Бөр.) «сәбіз, ешкіемер (Қарақ.) «кесірткенің бір түрі», жылқыауыз (Көкп.) «тістеуік (құрал)», астаубас (Шиелі) «сүйегі ірі, толысқан еркек біртума (түйе)», құстұмсық (Тар., Абай, Шел.) «қайла, жер қазатын құрал», айтұяқ (Қыт.) «жылқы түрі», кемпіршаш (Мер., Шу) «шөлді жерде тарам-тарам боп өсетін өсімдік», кірпіш шай (Омбы) «тақта шай» сөздерінің сыңарлары атрибутивтік қатынаста, себебі бірінші сыңарлары екінші сыңарларының қандай екенін анықтап тұр, яғни, алғашқы анықтауыш сыңарлары екінші анықталушы сыңарларда аталған заттардың (немесе заттанған атаулардың) әртүрлі мағыналық белгі, қасиеттерін білдіреді. Түркітануда күрделі сөз сыңарларының мұндай бір-біріне бағынышты сипаты атрибутивтік қатынас түрінде танылады [1, 112]. Ал орам болу (Қарм.) «бағыну» де-

ген құрамды етістікті алсақ, оның құрамы зат есім орам сөзі мен көмекші етістік қызметіндегі дербес мағыналы болу сөзінің тіркесуінен жасалып тұр. Мұндай құрамды күрделі сөздердің өзара байланысы толықтауыштық, пысықтауыштық қатынасты білдіреді де, комплетивтік қатынастағы күрделі сөздер деп жіктеліп жүр [1, 20-21].

Қазақ тіліндегі күрделі сөздер жайындағы еңбектерде сабақтастық қатынастағы күрделі сөздерді атрибутивтік, комплетивтік түрде жіктеу кездеспейді. Бұл терминдер жалпы тіл білімінде синтаксистік байланыс түрлеріне байланысты қалыптасқан қолданыстағы терминдер. Атрибутивті байланыс – зат, процес мағынасындағы сөз бен оның әртүрлі белгілерін (сапасын) көрсететін сөздің тікелей бірігуін, тіркесуін білдіретін неғұрлым тығыз синтаксистік байланыс түрі. Комплетивті байланыс – сөйлемде толықтауыш пен пысықтауыштың дербес синтаксистік бірліктер ретінде қызмет етуін білдіретін синтаксистік байланыстың неғұрлым еркін түрі [2, 398]. Оның үстіне бұл терминдер сабақтастық қатынас түрлерін талдауда қолайлы көрінді.

Мақалада говорлардағы сабақтастық қатынастағы күрделі сөздердің бір түрі – сыңарлары комплетивтік қатынастағы күрделі сөздер талданады.

Говорлардағы комплетивтік қатынастағы күрделі сөздерге негізінен сыңарлары толықтауыштық, пысықтауыштық қатынасты білдіретін күрделі етістіктер және күрделі етістіктер тобына жатқызылып жүрген есім сөздер мен етістіктерден (көмекші етістік қызметіндегі) жасалған құранды етістіктер жатады.

2 Материалдар және әдістер

Говорлардағы күрделі етістіктердің жасалуы.

Сөзжасамдық құбылыс ретінде күрделі сөздердің жасалуындағы жалпы заңдылық күрделі етістіктерге де тән. Күрделі сөздерге ортақ заңдылықтар негізінде күрделі етістіктердің өзіндік белгілері, нақты жасалу үлгілері қалыптасқан. «Қазақ грамматикасында» күрделі етістіктердің мынадай өзіндік белгілері атап көрсетіледі:

1) Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағынаға ие. Күрделі етістік білдіретін күрделі қимыл ұғымы оның құрамындағы сыңарларының жеке мағыналарына тең емес, солардың мағыналық қосындысынан туады, сыңарларының мағынасы тұтас мағынаға кіреді. Бұл жағынан күрделі етістік туынды түбір етістік сияқты, оның сыңарлары туынды түбір етістіктің морфемалары іспеттес.

2) Күрделі етістіктер тек мағыналы етістіктерден жасалады, құрамындағы сыңарлары мағына жағынан тең болады. Мысалы, шығып кетті деген күрделі етістік сыңарларының мағыналары тең. Олардың әрқайсысы біртұтас күрделі қимылдың бір бөлігін білдіреді.

3) Күрделі етістік күрделі бір қимыл ретінде танылуы керек, оның мәні бөлшектеуге келмейді.

4) Күрделі етістіктер дербес сөздер болғандықтан, сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады, оның сыңарлары жеке-жеке сөйлем мүшесі бола алмайды.

5) Күрделі етістік сыңарларының арасына басқа сөз кіре алмайды. Мысалы, қайтып беру деген сөзжасам бойынша бір сөздің қызметін атқаратындықтын, оның арасын жарып басқа сөз қосылмайды.

6) Күрделі етістіктің құрамы тұрақты, қашанда бір құрамда қолданылады, себебі сыңардың орнын ауыстыруға болмайды.

7) Күрделі етістік бір-ақ екпінге ие болады [3, 394-397].

Күрделі етістіктің осындай белгілерін татар тілі деректері негізінде Ф.А. Ганиев те көрсетеді. Ол тек да-та (де-те) демеулік шылауы күшейту мәнінде, ғына-гена (қына-кена) демеулігі шек қою мәнінде күрделі етістік арасында қолданылуы мүмкіндігін айтады: Наташа сахнаға менеп та житте (Наташа сахнаға мініп те жетті). Китапны укып кына чыктым «Кітапты оқып қана шықтым» [1, 99-101].

Ф.А. Ганиевтің пікірінше, бұл айтылған белгілердің бірде-бірін абсолюттік (даусыз, сөзсіз) деуге болмайды, тілдік деректер көрсеткендей, олардың бәрінің жиынтығы ғана күрделі етістікті, яғни лексикалық бірлікті жасап алады. Ф.А.Ганиев күрделі етістіктің ерекше-

лігін көрсету үшін, еркін тіркесті етістіктердің төмендегідей белгілерін атап өтеді: 1) еркін тіркесті етістіктердің құрамы дербес лексикалық бірліктерден тұрады да, сөйлемде дербес синтаксистік қызмет атқарады, 2) еркін тіркесті етістіктердің сыңарлары арасына дербес мағыналы үшінші сөз енуі мүмкін, 3) еркін тіркесті етістіктің алғашқы сыңары сөйлемде түсіп қалуы мүмкін, одан сөйлемнің тұтастығы бұзылмайды, себебі еркін тіркестің сыңарлары арасында өзара шарттық, өзара сіңісу жоқ [1, 101].

Қазақ тіліндегі күрделі етістікті жасауға тірек болатын отыз шақты, солардың ішінде өнімді жиырма шақты етістік анықталған. Олар: кет, кел, ал, бер, әкет, әкел, қайт, шық, таста, жібер, өт, қой, қал, көр, кір, жөнел, қара, біт, түс т.б. [3, 398]. Қазақ тіліндегі күрделі етістік жасаудың негізгі үлгісі (типi) – «көсемшелi етістік + етістік» (көмекші етістік қызметінде): алып кел, барып кел, көріп кел, алып шық, барып шық, тартып ал, жарып таста, айтып бер, айта бар, ала бар т.б. Осы үлгі бойынша туған күрделі етістіктер жалпыхалықтық тілге де, говорларға да ортақ. Және бұлар күрделі етістіктердің басым көпшілігін құрайды. Біз мақаламызда бұл сияқты белгілі күрделі етістіктерге тоқталмаймыз. Күрделі етістіктерге байланысты зерттейтін нысанымыз – говорлардағы тұрақты түрде қалыптасқан, жасалуында, мағынасында, қолданылуында ерекшелігі бар күрделі етістік тұлғалар. Бірақ бұлардың қай-қайсысын болсын жаппай, жиі айтылатын өнімді тіл бірліктері деуге болмайды. Олар жекелеген аудандарда қолданылады. Говорларда бұл етістіктер әдеби тілде тіркеспейтін сөздермен тіркесіп, жаппай емес, жекелеген аудандарда тұрақты түрде қолданылатын күрделі етістіктердің өзгеше типтерін жасаған. Күрделі етістік жасалуындағы негізгі тип – «көсемше етістік + етістік» бойынша говорларда бірқатар күрделі етістік жасалған: сыймай қалу (Қош.) «жетпей қалу», айылдап келу (Қош.) «қыдырып келу», күліп болмау (Шұб.) «күлкісін тыя алмау», тоқталып тұру (Ойыл) «әзір, дайын тұру» оқып білмеу (Түрікм.) «хат танымау» т.б.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

«Көсемше+етістік жүру» үлгісінен күрделі етістік жасалған: ерісіп жүру «еріп жүру». Олар бізге ерісіп жүрді (Қарм.), қасынысып жүру «тату жүру». Біз айтыс-тартысты қойып, қасынысып жүрейік (Шұб.). Бұл мысалдарда негізгі етістік -ыс/-іс жұрнағын қабылдап, сырттай ортақ етіс тұлғасында көрінеді, бірақ онда ортақ етіс мағынасы жоқ, тек көсемшенің -ып/-іп жұрнағын қабылдаған түбір етістік қимылдың мөлшерін білдіріп тұр.

«Көсемше+етістік жіберу» үлгісімен күрделі етістік жасалған: күсіп жіберу «құйып (салып) жіберу». Ұнды ауызға күсіп жібергені қалай? (Больш.), жымпитып жіберу «ұрлап қою». Әлгі адам егеуімді жымпитып жіберді-ау (Моңғ.). Бұл мысалдарда күсіп, жымпитып сөздері ауыс мағынада қолданылып, қимылдың кенет, шапшаң болғанын білдіреді.

«Көсемше+етістік қалу» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: сыймай қалу «жетпей қалу». Олардың біреуіне таңба сыймай қалыпты (Қош.), ауалап қалу «күңсіп қалу». Күн ұзаққа қой соңында жүріп, ауалап қалдым (Маң.), көзеп қалу (Шығ. Қаз., Зайс.) «аудың торына ілініп қалу» Қарма ауға көбірек көзеп қалатын балық – алабұға. (Шығ. Қаз., Зайс.), көбініп қалу (Гур., Маңғ.) «абдырап, сасып қалу». Бұл мысалдарда сыймай, ауалап т.б. сөздер ауыс мағынада қолданылып, олар қатысқан күрделі етістіктер қимылдың нәтижесін, аяқталғанын білдіреді.

«Көсемше (-іп)+етістік келу» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: айылдап келу «қыдырып, ауылшылап келу» (Қош.), тіркестің бірінші сыңары жергілікті халық тіліне алтай тілінен енген, алтай тілінде айыл, моңғол тілінде айыл «ауыл», тіркес қимылдың нәтижесін білдіреді. «Көсемше (-а) + етістік келу» үлгісімен: жинала келді «жиналды». Үш қысқа азық болғандай пішен жинала келді (Жымп.). Мұнда қимылдың белгілі мөлшерде жүйелі іске асқаны білдіріліп тұр.

«Көсемше + етістік болмау» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: күліп болмау «күлкісін тыя алмау». Ол әңгімені естігенде, сен күліп болмайсың (Шұб.) қимылдың қалпын білдіреді, татып алмау «білмеу, хабарсыз болу». Бұл қыз түрікмен тілін татып алмайды (Түрікм.). Бұл мысалдарда күрделі етістіктер қимылдың болымсыз нәтижесін білдіріп тұр.

«**Көсемше + етістік қою**» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: үйтіп қою «талан-таражға салу». Басы кірсе болды, үйдің мүлкін үйтіп қояды (Түрікм.), келіп қою «келу, келіп қалу». Олар күтпеген кезде келіп қойды (Қош.). Бұл мысалдар бір мәрте қимылдың кенеттен іске асуын білдіреді.

«**Көсемше + етістік тұру**» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: тоқталып тұру «әзір, дайын тұру». Қазір мәшине келеді, балам, тоқталып тұр (Жал.), болып тұру «болды». 1993 жыл болып тұр. Қызылтас аудан болып тұр (Аяг.). Бұл мысалдарда күрделі етістіктер заттың қалыпты, үйреншікті жайын білдіріп тұр.

«**Көсемше + етістік білмеу**» үлгісімен жасалған күрделі етістіктер: оқып білмеу «оқи алмау». 5 класты оқысаң да, кітапты дұрыстап оқып білмейсің (Түрікм.) Мысал қимылдың болымсыз нәтижесін білдіреді.

Бұдан басқа әртүрлі тұлғадағы етістіктер мен модаль сөздердің тіркесуі арқылы күрделі етістікке ұқсас етістіктің аналитикалық тұлғалары жасалған. Мысалы: «ауыспалы көсемшенің 2-жақ жіктік тұлғасы + керек модаль сөзі» үлгісімен: білесің керек «білуің керек». Сені мұны білесің керек (Қош.), Жүресің керек «жүруің керек». Сенің осында жүресің керек (Қош.). «Ауыспалы көсемшенің I жақ жіктік тұлғасы + шығар көмекші етістігі» үлгісімен: жүрем шығар «жүретін шығармын». Мен ертеңгісін Ырғызға жүрем шығар (Қараб.). Бұл тіркестер қимылдың іске асуы қажеттігіне күмәнділікті білдіреді.

Кейде күрделі етістік құрамындағы көсемше жұрнақтары бірінің орнына бірі қолданылады. Мысалы: көшіп бастады дегенде көсемшенің -іп жұрнағы орнына, қоздап бастады, лақтап бастады дегенде көсемшенің -п жұрнағы көсемшенің -й жұрнағы орнына жұмсалып тұр: Ел Сырға көшіп бастады (Түрікм.). Фермада қойлар қоздап, ешкілер лақтап бастады (Түрікм.). Ойнап болмау «ойнай білмеу» дегенде көсемшенің -п және -й жұрнақтары бірінің орнына бірі қолданылып тұр. Мен қарта ойнап білмеймін (Қош.). Керісінше, айта қоя берді дегенде көсемшенің -а жұрнағы -ып жұрнағы орнына жұмсалып тұр. Ол өлеңді айта қоя берді (Түрікм.).

Етістіктің грамматикалық категориясының бір түрі қалау райдың жасалуында ерекшелік бар. Әдеби тілде қалау райдың бір түрі негізгі етістікке -қы /-кі, -ғы/-гі жұрнақтары жалғануы арқылы тәуелденіп барып жіктеледі де, оған кел, келді, келеді көмекші етістіктері тіркесу арқылы жасалса, кейбір оңтүстік говорларда -қы, -кі жұрнақты тәуелдеулі етістікке болымды мағынаны білдіру үшін модаль бар сөзі, болымсыз мағынаны білдіру үшін модаль жоқ сөзі тіркесу арқылы жасалады. Мысалы: Баламды биыл оқуға жібергім бар (Шу). Оның ешкімді жамандағысы жоқ (Түлк.). Алмагүлдің біздің үйге келгісі бар (Ұзын).

Мезгіл үстеу бері сөзімен тіркесіп есімше, көсемше тұлғасымен ауысып айтылады. Мысалы: келгелі бері «келгеннен бері» орнына. Осында келгелі бері қол тимеді (Шу). Күрделі етістік сынғалы тұр кейбір оңтүстік говорларда сынуға тұр түрінде айтылады [4, 277].

Говорлардағы құранды етістіктердің жасалуы. Түркітануда құранды етістік терминін күрделі етістік терминімен байланыстырып қолдану жиі кездеседі. Күрделі етістік дегенге құрамы екі етістіктен тұратын тіркестермен бірге «есім + көмекші етістіктен» тұратын тіркестердің бәрі де жатқызылып келеді. Бірақ «Қазақ грамматикасында» күрделі етістіктің, әсіресе құранды етістіктердің сөзжасам тұрғы-сынан зерттелуіне байланысты әлі де болса анықтайтын мәселелері бары көрсетілген. Шешу-ді қажет ететін мәселелердің бірі құранды етістіктердің бірде күрделі етістік, бірде тұрақты сөз тіркестері құрамында жүргеніне байланысты [3, 400]. Тұрақты сөз тіркестерінің құранды етістіктерге ұқсас келетін түрлері негізінен фразалық тіркестер (*аузы бармады, аузы-мұрны қисаймай, жолы болды, жолы түсті, жол тапты, қанына тартты т.б.*) болса, олардың қалыптасуының өзіндік белгілері бар. Оның ең бастысы – фразалық тіркестердің бейнелік си-патта болуы. Мысалы, *қолға алдым* тіркесі «кірістім, бастадым» мәнінде тұрақты тіркес, ал *кітапты қолға алдым* дегенде құранды етістік екені байқалады. Ойға түсті дегенді «ойлан-ды» мағынасында тұрақты тіркес, «еске түсті» мағынасында құранды етістік деп тануға болады.

Сол сияқты құранды етістіктерді күрделі етістіктерге жақындататын белгілер бар: құранды етістік күрделі етістіктер сияқты дербес мағыналы нақты сөздерден (есім сөз + етістік) тұрады. Құранды етістік құрамындағы етістік көмекші етістік қызметінде есім сөзге тіркесіп есімнен етістік жасайтын морфеманың қызметін атқарады. Мысалы, *көмек ет - көмектес, табыс ет - тапсыр*. Құранды етістіктердің күрделі етістіктерге жақын осындай белгілерін ескеріп, «Қазақ грамматикасында» оларды «күрделі етістіктер тобындағы құранды етістіктер» деп атаған [3, 260].

Күрделі құранды етістіктердің жасалуында алғашқы тірек сыңары ретінде негізінен зат есімдер мен сын есімдер, ал екінші сыңары ретінде көмекші етістіктер қызмет етеді. Есім сөздермен тіркесуде өнімділік танытатын көмекші етістіктер: болу, қылу, алу, ету, салу, шығу, жасау, ашу, жүру, түсу, келу, кету т.б. Ф.А. Ганиев бұларды күрделі құранды етістіктерді жасауда көмекшілік қызмет атқаратынын ескеріп, оларды функционалды көмекші етістіктер деп атайды [1: 88].

Говорларда құранды күрделі етістік төмендегідей үлгілермен жасалған:

«Зат есім + етістік болу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің аяқталуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *парт болу* (Арыс) «ісіп -кеуіп кету», *сабыс болу* (Зайс.) «әбігерлену, ары -бері сапырылып жүру», *тата болу* (Жанг.) «басы қату», *тебен болу* (Қаз.) «тебендеп шығу, тебендеу», *тұяқ кесті болу* (Чап.) «мал жайылымының тозуы, тапталуы», *пыш болу* (егін дәні туралы, Жымп.. Қараб., Сыр.) «семіп, солып қалу», *мойын болу* (Түрікм.) «мәжбүр болу», *бет қара болу* (Моңғ.) «қарабет болу», *ана болу* (Жән.) «біреуді көп ойлау», *ақырап болу* (Орда) «таусылу, біту», *мама ағаш болу* (Талд.) «ат байлаушы болу», *мәңгүрт болу* (Маң.) «мәңгіру, есеңгіреу», *мүкіс болу* (Қыт.) «сыну, мертігу», *сабу болу* (Есб.) «саябыр болу саябырлау», *шықбайтал болу* (Есб.) «шетқакпай болу», *қазан болу* (Сыр.) «таусылу, біту», *шекем болу* (Тоб.) «ақтану, сақ болу», *жор болу* (ҚХР) «жолдас болу, жақтас болу, ілігу».

«Зат есім + етістік қылу» үлгісімен алғашқы сыңарға байланысты іс-қимылдың орындалуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *иіс қылу* (Гур., Маңғ., Түркм. Красн.) «әруақтарға бағыштап шелпек пісіру». *Қуыс үйміз ғой, өлілердің мұрнына барсын деп иіс қылуды да білмейді бұлар* (Ә.Кекіл., Құс. қан., 103), *жәрдем қылу* (Шымк., Қызылқ.) «айқай-шу шығару». *Бір-екі күн тірліктен қалса, дереу жәрдем қылады* (Шымк., Қызылқ.), *мәтел қылу* (Маң.) «кесел жасау, кедергі келтіру», *ұры қылу* (Қош.) «ұрлық істеу, ұрлау», *шырық қылу* (Қош.) «басын айналдыру, мазалау», *жер төңкеріс қылу* (Кег.) «жер жырту», (Кег., Сар.) «жер аудару, қонысынан тайдыру», *қаза қылу* (Ұзын.) «өлтіру», *жауыт қылу* (Қ. ту) «айтып қою, айту». *Қанжығалы Райымбек Нұралы мен Баймағамбеттің сөйлескенін Саққұлаққа жауыт қылыпты* (Қ. ту), *ежіре қылу* (Шу) «келісу, уәделесу», *бас қылу* (Больш.) «басшылық ету, кеңес беру», *мойынтаулық қылу* (Жуа.) «тартыншақтау, ықылассыз болу», *тәжіке қылу* (Жанг.) «келеке ету», *арт қылу* (Ақс., Көкп.) «арқа тұту», тәкіліп қылу (Өзб.) «ұсыныс жасау», парсыша тәклиф «тапсырма, міндет, борыш» (пер. рел:339), *шалдырыс қылу* (Қарақ.) «келіспеу», *шежде қылу* (Арал) «намаз оқу», *боран қылу* (Нар.) жария қылу т.б.

«Зат есім + етістік алу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты іс-қимыл, процестің іске асуын білдіретін өнімді құранды етістіктер жасалады: *күн алу* (Қош.) «демалысқа шығу», *еңбек алу* (Түлк.) «еңбеккүн алу», *құлағын алу* (Маң.) «хабардар болу», *наршаны алу* (Аман.) «мазалау, мазасын алу», *қапталына алу* (Арал) «өз қарауына алу», *забыт алу* (Жал.,Торғ) «игеру, меңгеру», *тын алу* (Түрікм.) «тынышталу, демалу», *тән алу* (Өзб.) «мойындау», *тән алмау* (Кег., Жам.) «мойындамау, қабылдамау», *чендей алмау* (Шел.) «жақындай алмау, жете алмау», *шеніне алмау* (Қыт.) «менсінбеу», *қағаз алу* (Тал.) «хат алу».

«Зат есім + етістік салу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің жасалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *сәуір салу* (Маң.) «түнделетіп жүру», *жер салу* (Қ.орда: Сыр., Жал.) карта ойнында ақша тігу, көн тігу. *Карта ойнағанда әуелі жер салу керек* (Қ.орда, Сыр.). *түн қату; зиян салу* (Арал) «зиян келтіру», *шот салу* (Түрікм.) «аяқтан

шалу», *аласат салу* (Ырғ.) «бүлдіру, бір-біріне араластыру», *үн салу* (Абай) «дауыстау», *Суық хабарды естігенде*, *атай үн салып жылады* (Абай), *өттікке салу* (Арал) базарға апару», *шыршық салу* (Жән.) «арандату, араға от салу».

«Зат есім + етістік ету» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің жасалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *кәр ету* (Ақт., Ойыл) «қатулану, ашу шақыру, қаһарлану». *Неменеге аяқ астынан кәр ете қалдың* (Ақт., Ойыл), *жол ету* (Өзб., Ташк.) «жолға тұру». *Бұрын ол көп жол еткен* (Өзб., Ташк.), *жантақыл ету* (Жанг.) «тиіп-қашу, тайсақтау», *мұхлис ету* (Арал) «айтқанды қабылдау, қайталау», *Ол айтқанды 2-3 рет мұхлис етеді* (Арал), *зат етпеу* (Есб.) «ештеме етпеу, түк етпеу», *тәрк ету* (Орын.) «бұзбау, зиян келтірмеу», *тәсіп ету* (Маң.) «бәсекелесу, таласу», (Об.) «мақтау», *Тәңір берген жігітке тәсіп етпе* (Арал). *Сен оны бізге көп тәсіп етпей-ақ қой* (Об.), *күлістік ету* (Маң., Жанг.) «күлкі ету, мазақтау», *дауыс ету* (Жам.) «жоқтау, дауыстап жылау», *бәс етпеу* (Маң.) «бәстеспеу, таласпау», *дауым ету* (Қарақ.) «жалғастыру, ұштастыру», .

«Зат есім + етістік жасау» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекетті аяқтауды білдіретін құранды етістіктер жасалады: *жұмыс жасау* (Ақт., Орал, Түрікм.) «жұмыс істеу, қызмет істеу», *уақиға жасау* (Абай.) «жағдай жасау, әрекет ету, ретін келтіру», *машурат жасау* (Аман.) «ұйғару».

«Зат есім + етістік қою» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *бәс қою* «салып қалу». *Мына ауру аяғыңа бәс қоямын да ойбайлатамын* (Ойыл), *шөл қою* (Түрікм.) «суармау», *жала қою* (Больш.) «жала салу».

«Зат есім + етістік түсу» үлгісімен алдыңғы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *мойнына түсу* (Маң.) «мойындату», *тойға түсу* (Түрікм.) «тойға бару», *түсел түсу* (МХР.) «(үйден) адам үзілмеу, көп адам келу», *шылан түспеу* (Моңғ.) «іріктікке май түспеу», *қайыққа түсу* (Там.) «түйенің қаюы», *күн түсу* (Еңб.) «жай түсу».

«Зат есім + етістік қалу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты қимыл-әрекеттің іске асуын білдіретін күрделі етістіктер жасалады: *көзінде қалу* (Арал) «көзге түсу», *әнтенде қалу* (Көкп.) «құр қалу», *шерет қалу* (Абай) «шүй қалу, жыртылмай қалу».

«Зат есім + етістік шығу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын, орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *үдесінен шығу* (Арыс) «аяқтап бітіру, орындау», *чықарға чығу* (Ақс., Көкп.) «тысқа шығу», *танасы шығу* (Тарб.) «тас-талқаны шығу», *деңгел шығу* (Больш.) «тең шығу, қатар болу», *шырпыны шығу* (Ұлы.) «жанын салу, бәйек болу», *күлпәржі шығу* (Түрікм.) «быт-шыты шығу», *шекеден шығу* (Түлк.) «миды ашыту, басты ауырту, шетіне шығу «елден ерекше болу». *Ол адам баласының шетіне шыққан кісі* (Арал).

«Зат есім + етістік ашу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты іс-қимылдың орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *көзалақ ашу* (Көкп.) «көзі алақтау», *үстін ашу* (Түрікм.) «әшкерелеу, бетін ашу», *күлмәнін ашу* (Торғ.) «сырын ашу, әйгілеу», *шау ашу* (Қоң.) «дауыс қарлығу».

«Зат есім + етістік келу /келмеу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *сасы келмеу* (Қарм.) «шамасы келмеу», *асқардан келу* (Об.) «күтпеген жерден келу», *түйдек келу* (Еңб.) «топтанып келу», *шоласы келмеу* (Шел., Кег.) «шамасы келмеу», *қатысы келмеу* (Талд.) «түрі, бейнесі келмеу», *шарқаты келмеу* (Түрікм.) «шамасы, әлі келмеу».

Бұдан басқа зат есімдер мен етістік ұру, соғу, қағу, сұрау, шағу, қайту, таю тігу т.б. сөздердің тіркесуі арқылы жасалған бірен-саран құранды етістіктер кездеседі: *қадам ұру* (Арыс) «қадам басу, адымдау», *шөл қағу* (Шевч., Маң.) «шөлдеу, сусау», *егін соғу* (Рес. Омбы) «егін жинау», *қатер сұрау* (Жән.) «науқастың көңілін сұрау», *күн шағу* (Маң.) «күн өтіп кету», *қажары қайту* (Арал) «қарқыны, беті қайту», *тәртіптен таю* (Арал) «тәртіпке бағынбау», *шынжыр тігу* (Өзб.) «кесте тігу түрі».

«Сын есім + етістік болу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты сын-сипатты білдіретін құранды етістік жасалады: *айық болу* (Қош.) «ашылу, ашық болу». *Күн ертең айық болса, чөп жиямыз* (Қош.), *сипыл болу* (Қош.) «түк қалмау, жоқ болу», *әшкерелі болу* (Арал) «белгілі болу», *албарлы болу* (Жанг. Гур.) «әбігер болу», *ауа жайлы болу* (Волг.) «жүк ті болу», *арзу болу* (Маң.,Сыр.) «ынтық болу», *ақиық болу* (Арал, Қаз.) «жария болу, таныс болу», *аймандай болу* (Қорд., Кег.) «әшкере болу», *мошабай болу* (Қарак.) «шаршау, қажу», *мұралы болу* (Қыт.) «жолы болу», *шиллі болу* (Қыт.) «ығыр болу», *кес болу* (Қ.орда., Қарм.) «әңгімеге алдандыру, аландату, бөгет болу. Қарағым, Ұзақбай, орақ орған адамдарға кес болма, жұмысқа бар. (Қ.орда., Қарм.).

Бұдан басқа сын есімдер мен етістік *түсу, тарту, жасау, өту, тұру* т.б. сөздердің тіркесуі арқылы аздаған құранды етістіктер жасалады: *қиын түсу* (Түрікм.) «қиын жағдайда болу», *тәуір тарту* (Кег.) «сауыға бастау», *күйлі жасау* (Түрікм.) «ауқатты тұру», *зор өту* (Ұзын.) «зорығу», *бодамсыз тұру* (Больш.) «тәуелсіз, еркін болу».

«Үстеу + көмекші етістік» үлгісімен жасалған құранды етістіктер кездеседі: *селкеу қарау* (Абай) «немқұрайды қарау», *мұқым болу* (Ырғ.) «мұқият болу», *пақас отыру* (Жанг.) «берік, орнықты отыру», *салқа жорту* (Маң) «бірқалыпты бүлкілдеп жүру», *аяқ үстінде жүру* (Чап.) «бос жүру», (Маң.) «кепілде болу», *тақа біту* (Абай) «түк қалмау» т.б.

Еліктеу, одағай сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесуінен бірен-саран құранды етістік жасалады: *сәлт ету* (Арал) «жалп ету», *тәйт демеу* (Арал) «үндемеу, үн шығармау».

5 Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақалада говорлардағы сыңарлары комплективтік қатынастағы объективтік, пысықтауыштық, байланысты білдіретін күрделі етістіктер мен олардың тобына жататын құранды етістіктердің өзіндік сипаты, бір-бірінен айырма – ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен бірге олардың қай-қайсысы болсын дербес мағыналы сөздерден жасалып, күрделі қимыл атауын білдіретіні, сөйлемде бір мүшенің қызметін атқаратыны сияқты ортақ белгілеріне тоқталдық. Қазақ тіліндегі күрделі етістік жасауға тірек болатын, көмекші етістік қызметін атқаратын етістіктер (*ал, бер, сал, кел, кет, шық, түс т.б.*), солар арқылы жасалған күрделі етістіктің мол қоры, күрделі етістік жасайтын негізгі үлгі «көсемше етістік + етістік» жалпыхалықтық тілге де, говорларға да ортақ сипатта екені, жалпыхалықтық тілден ерекше күрделі етістіктер говорларда көп емес екені анықталды. Көсемше етістік пен *жүру, жіберу, келу, болмау, қалу, қою, тұру* т.б. сияқты етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі етістіктер өнімсіз түрде жекелеген аудандарда ғана кездеседі. Сондай-ақ, бұдан басқа *керек, шығар* модаль сөздерімен тіркескен, құрамы тұлғалық өзгеріске ұшыраған (*барғым бар, келгісі жоқ*) етістік тұлғалар талданды.

Мақалада сонымен бірге, говорлардағы құранды етістіктер, олардың күрделі етістіктерге жақын белгілері талданды. Сөзжасам тұрғысынан зат есім мен *болу, алу, салу, өту, жасау, қою, түсу, шығу, келмеу* етістіктерінің, сын есім мен *болу, түсу, тұру* етістіктерінің, үстеу мен *қарау, болу, жүру* т.б. етістіктердің тіркесуі арқылы бірқатар құранды етістіктер жасалғаны анықталды. Басқа сөз таптарының қатысуымен жасалған құранды етістіктер бірен-саран ғана.

Әдебиеттер тізімі

1. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. Москва: Наука, 1982, – 150 с.
2. Ряшенцев К.Л. Сложные слова и их компоненты в современном русском языке: Учеб. пособие. – Орджоникидзе, 1976. – 285 с.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002. – 783 б.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен мәселелері (орысшадан аударған Ғ. Қалиев) Алматы, сөздік, 2004. – 535 б.
5. ҚТАС – Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005. – 821 б.
6. ҚТДС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1969. – 426 б.; 1 кітап, Алматы: Ғылым, 1996. – 196 б., 2 кітап, Алматы, Ғылым, 1999. – 237 б.

Материал редакцияға түсті: 08.06.2022

ИСАКОВА, Ш.К.

ОБРАЗЦЫ СОСТАВЛЕНИЯ СЛОЖНЫХ РАЗГОВОРНЫХ ГЛАГОЛОВ

В статье рассматриваются сложноподчиненные глагольные лица, образующие устойчивую форму в говорах, имеющие отличительные черты в их создании, значении, употреблении, модели их создания.

***Ключевые слова:** говорение, сложные слова, атрибутивная связь, комплетивная связь, сложный глагол, лексема, аналитическая личность.*

ISAKOVA, SH. K.

SAMPLES OF COMPOSING COMPLEX GOVORLARDAGS A DETAILED COMMENT IS GIVEN

The article deals with complex verb persons forming a stable form in dialects, having distinctive features in their creation, meaning, use, and models of their creation.

***Key words:** speaking, compound words, attributive connection, complementary connection, compound verb, lexeme, analytical personality.*